

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Егемен Қазақстан" республикалық мемлекеттік ұлттық қоғамдық-саяси газеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 2 қараша N 1658

"Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 P990683_ қаулысына сәйкес және "Егемен Қазақстан" республикалық газетін әрі қарай дамыту, қазіргі заманғы менеджмент және маркетинг негізінде оның бәсекелестік қабілетін арттыру және инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Егемен Қазақстан" республикалық мемлекеттік ұлттық қоғамдық-саяси газеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Егемен Қазақстан" ААҚ) етіп қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Егемен Қазақстан" ААҚ-ның жарғысын бекіткен кезде редакциялық, баспагерлік, жарнамалық және ақпараттық қызмет көрсетулерді орындау оның қызметінің негізгі мәні деп белгілесін;

2) "Егемен Қазақстан" ААҚ-ның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері

мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Астана қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-9-жолмен толықтырылсын:

"21-9 "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ААҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

P990659_

қаулысына:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-2-жолмен толықтырылсын:

"224-2 "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" ААҚ".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.